

ИНТЕРНЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Кіріспе





Курс Патрисия Уоллестің Кембридж университеті баспасынан шыққан «Интернет психологиясы» оқулығына негізделеді. Оқулық он екі тараудан тұрады. Автор негізінен әлеуметтік желідегі онлайн тұлға, онлайн агрессия психологиясы, балалардың дамуы, интернеттегі гендерлік мәселелер және сексуалдылық, виртуалдық әлем және адамдардың қауіпсіздігі сияқты түсініктерді ашып түсіндіреді.

Уоллес «24/7 қолжетімді Интернеттің пайда болуымен адамның өмірі күрделене түсті ме, әлде жеңілдеді ме?» деген маңызды сауалды көтереді. Бір жағынан алғанда, көптеген процестерді автоматтандыруға көмектесетін қызметтер пайда болды. Мысалы, интернет-дүкендер және тамақты жедел жеткізу жүйелері. Бірақ мұның кемшіл тұстары да жоқ емес, қарым-қатынас негізінен виртуалды түрге айналғандықтан, шынайы өмір деградацияға ұшырады. Бізге нақты қарым-қатынасты сезінуге мүмкіндік беретін эмоциялар мен машықтар жойылды. Бұл деректер авторды келесі сұраққа алып келеді: адамзат, онымен бірге Интернет дұрыс бағытта даму үстінде ме?

Біздің виртуалды шынайылыққа қатты кіріп кететініміз соншалықты, адами құндылық, өнеге, құлықтылық жайлы ұмытып кетуге жақынбыз. Уоллес Интернетті есірткімен салыстырады. Бұл өте жан ауыртатын сәт.

Соған қарамастан, кітаптың негізгі идеясы біздің өзімізді бұл шындықтан енді қорғай алмайтындығымызда болып табылады. Сол себепті біздің ендігі міндетіміз – түсінуді, қабылдауды және бейімделуді үйрену. Мұны Интернет психологиясын білу арқылы дұрыс орындауға болады.

Интернет психологиясы – қоғамдық резонанс тудыра алатын көкейкесті сауал. Бұл мәселе болып табылады және ол ең алдымен тәуелділікпен байланысты.

Кітаптың жекетарауы әлеуметтік желілерге арналған. Мұнда Уоллестек тәуелділікке ғана емес, өз өмірін көрсетуді жақсы көрушілердің қауіпсіздік қатеріне де баса назар аударады. Автордың айтуынша, қылмыскерлер жеке ақпаратты біздің өз қолымыздан алады. Жарияланымдар біздің өмір сүру деңгейіміз және ең қауіптісі біздің кеңістіктегі қозғалысымызды керемет суреттейді. Әлеуметтік желідегі лента бойынша толық әлеуметтік портрет құрастыруға болады. Instagram мен Facebook-тегі қауіпсіздік техникасын әрине қазақстандықтар да ескере бермейді. Сондықтан қарапайым ережелерді әр студентке, оқушыға, ата-анаға түсіндіріп жеткізу керек.

Интернеттің не екенін барлықтарыңыз жақсы білесіздер. Бұл әртүрлі ережелер (хаттамалар) бойынша жұмыс істейтін компьютерлік желілердің бірігуі. Олар мәліметтерді физикалық түрде телефон желілері мен оптикалық-талшықты кабель бойымен, жерсеріктер мен жерүсті радиоарналары арқылы жөнелтетін компьютерлердің барлық мүмкін болатын түрлерін байланыстырады.

Интернет желісі ол ең алдымен:

1. Бүкіләлемдік хабарландыру құралы;
2. Ақпарат тарату механизмі;
3. Адамдардың серіктесуі мен қатынас жасау ортасы.

Интернет психологиясы – бұл адам мен адамдар тобы психикасы мен психикалық қызметінің Интернеттің әлеуметтік қызмет түрлері (форумдар, чаттар, әлеуметтік желілер, мессенджерлер және т.б.) арқылы пайда болу, даму және қызмет ету заңдылықтарын зерттейтін психология саласы.

Біздің курсымыздың мақсаты – тыңдаушылардың сыни ойлауына және Интернет психологиясы мен олардың өздерінің онлайн-тәртібінің қалай жүретіндігін тануына түрткі болу.

Курста Интернеттің адам тәртібіне тигізетін әсері жайлы маңызды мәселелер қарастырылады. Мысалы, біз 24/7 Интернетке қосылған смартфонға не себепті тәуелдіміз және біздің желіде көп араласып, шынайы өмірде аз қарым-қатынас жасауымыз неге әкелуі мүмкін?

Біз бірінші дәрісте курспен танысамыз: оның мақсаты мен міндеттерін, мазмұны мен ерекшеліктерін білетін боламыз.

Екінші және үшінші дәрістерде интернеттің қалай пайда болғандығы, оның не екендігі және оның не нәрсе үшін ойлап шығарылғандығы жайлы айтамыз. Интернеттің мүмкіндіктері мен қызметтерін қарастырамыз. Тарихқа үңіліп, желі құрылымын үйренеміз. Сонымен қатар



компьютерлердің адрестелуі мен IP-адресацияның қалай ұйымдастырылатындығын түсінуге тырысып, әрі қарай үш W, хостинг және ақпаратты орналастыру түсініктерін үйренеміз.

Төртінші дәрісте «Интернеттің пайда болуымен адамның өмірі жеңілдеді ме, әлде күрделене түсті ме?» деген сұрақты қарастырамыз. Интернеттің артықшылықтары мен кемшіліктерін, сондай-ақ, оның біздің өмірімізді қалай өзгерткендігін, қоғамды және сіз бен бізді қалай өзгертіп жатқандығын қарастырамыз.

Интернеттің артықшылықтарына келесілер жатады: 1. Ақпаратпен жылдам алмасу; 2. Нақты уақытта қарым-қатынас жасау; 3. Ақпаратқа жылдам қол жеткізу; 4. Интернеттің ауқымды мүмкіндіктері.

Дүниежүзілік тор бізге көптеген істерді үйден шықпай-ақ атқаруға мүмкіндік береді. Компьютерлік технологиялар қашықтан білім алуға жағдай жасайды, бұл мүгедек балалар үшін үлкен артықшылық болып табылады. Ақша табуға болады. Банктерден несие алуға, шоттарды төлеуге болады. Осының барлығын үйде отырып-ақ орындауға болады, бұл уақытты өте жақсы үнемдейді. Дүкенге барудың қажеті жоқ, виртуалды дүкендер бар, досыңызға құжат алу үшін барудың керегі жоқ, ол оны электронды поштамен жібере алады және т.с.с. Дүниежүзілік тордың арқасында көптеген жұмыстарды барынша жылдам атқаруға болады.

Интернеттің кемшіліктеріне келесілерді жатқызуға болады: 1. Біз шынайы қарым-қатынасты азайттық; 2. Білім деңгейі төмендеуде; 3. Жалған хабарлардың мөлшері артуда.

Біз осылардың барлығын толығырақ қарастырамыз және әр адам Интернеттің дамуымен өз өмірінің жеңіл немесе қиын болғандығы жайлы қорытынды жасайды.

Бесінші дәріс онлайн-тұлғаға арналады. Әлеуметтік желілердің біздің өмірімізге кіріп кеткені соншалық, қазір әрбір заманауи адамға олардың не үшін танымал болғандығын, үкіметтің не үшін олардан қорқатындығын түсіну қажет болады.

Адамдардың көпшілігі өз өмірін ашық жариялайды. Олар неге бұлай жасайды, бұл қауіпсіз емес қой. Онлайн-тұлға киберкеңістікте әртүрлі жолмен таралады. Себебі оны идеалдандырып, жалған әсерлер қалыптастыру мүмкіндігі бар. Онлайн-тұлға қалыптастыру үшін қолданылатын құралдар біздің шынайы өміріміздегі құралдардан қатты ерекшеленеді.

«Виртуалды топтар» атты келесі дәрісте топтық шоғырлануды, топтардың мобилизациясын, ми шабуылын, топтық шиеленіс пен топтық серіктестікті қарастырамыз. Бұл зерттеулер аса маңызды. Себебі біз көпшілік жұмыс топтарын онлайн-әлемге айналдырудамыз және олар кем дегенде шынайы өмірдегі әріптестері сияқты жемісті жұмыс істейді деп болжаймыз.

Әрі қарай біз интернет-стильдермен танысамыз. Олардың алғашқысы – бұл **агрессия психологиясы**. Оның желіде қалай таралатындығын қарастырамыз. Не себепті адам шынайы өмірге қарағанда желіде агрессияға бейім келеді?

Екінші стиль – бұл **интернет альтруизм психологиясы**. Интернет мұқтаж жандарға қайтымсыз көмек көрсетуге дайын адамдарға толы. Басты назар альтруизм мен желінің еріктіліктігі, қаражат жинау мен қолдау топтарын қалай қолдайтындығына аударылады. Психологиялық тұрғыдан қарағанда кейбір интернет-қауымдастықтар әлеуметтік қолдаудың белгілі бір топтарын мақұлдайды. Олар шынайы өмірдегідей тәуекелге бармай-ақ, Интернетте басқаларға қамқорлық танытып, өз қиындықтарымен бөлісіп, шешу арқылы тығыз қарым-қатынас жасай алады.

Келесі дәріс «**Онлайн танысулар психологиясы**» деп аталады. Қазіргі таңда әлеуметтік желілердің танымал болғандығы соншалық, интернет арқылы танысу әдеттегі нәрсеге айналды. Адамдар жылдар бойы желіде ашық араласады, бірақ шынайы өмірде кездескенде екі сөздің басын құрай алмауы мүмкін. Онлайн-әлемдегі, әсіресе, әлеуметтік желілердегі онлайн-танысу кезіндегі тұлғааралық тартымдылық жайлы зерттеулерді қарастырамыз.

Онлайн-ойындар мен олардың оң және теріс психологиялық әсерлері «**Бейнеойындар**» дәрісінде қарастырылады. Бейнеойындар қарапайым Распан-нан бастап, дүниежүзіндегі ойыншыларды жарқын виртуалды әлемге қызықтыратын өте жоғары үстемелері бар бірнеше миллиардтық бизнес болып шығады. Іргелі психологиялық қағидалар аталған ойыншылар оларға қайтып келетіндей, оларды барынша сенімді етіп, осы ойындардың негізінде жатады.



Зерттеулер виртуалды ойындардың шынайы өмірдегі ойындарға қарағанда басқа да көптеген мүмкіндіктер ұсына алатындығын көрсетті.

«Балаларды интернет көмегімен дамыту немесе сандық балалар» дәрісі баланың интернет көмегімен қалай дами алатындығы мен сандық технологияларда есеюдің шын мәнінде не екендігін ашып көрсетеді. Мысалы, жасөспірімдер күніне ондаған мәтін жаза отырып, мәтіндік хабарламаны негізгі қатынас құралы ретінде таңдайды. Бүгінгі жастар шынында да сандық аборигендер, ал Интернет олардың тұлғалық дамуында, әлеуметтік тәртібінде, когнитивтік дамуы мен мүмкін болса миларының дамуында да шешуші рөл ойнайды. Мысалы, кейбір зерттеулер Интернетті пайдаланудың белгілі бір түрлерінің когнитивті даму үшін оң нәтижелерге әкелетіндігін көрсетеді. Бірақ басқа зерттеулер көптапсырмалылық пен назардың бөлінуінің дабылды деңгейлерін көрсетеді. Әрине, интернет жастардың пернені бірнеше рет басу арқылы ғана білім алуға, деректермен, цифрлармен және оқу бейнелерімен жұмыс істеу тәсілдерін өзгертті. Әлеуметтік жоспарда балалар біріге келе интерактивті орта құрайды.

«Интернеттің гендерлік мәселелері» атты келесі дәрісте біз Интернетте гендерлік рөлдердің, стереотиптер мен шиеленістердің қалай таралатындығын қарастырамыз. Әйелдер үшін Интернеттің кей тұстары дұшпандық орта болуы мүмкін. Бұл дәрісте Интернеттегі сексуалдылық та қарастырылатын болады.

Құпиялылық мәселесі адам мен мемлекеттің қауіпсіздігі үшін сыни әрі маңызды болады. Берілген дәрісте құпиялылықтың психологиялық тұстары және біздің ол мәселені қалай шешетіндігіміз ашып көрсетіледі. Адамдардың көпшілігі Интернетте жарияланған дүниелердің барлығы әлемдегі кез келген адам үшін жаман мақсатта қолданыла алатындығын білсе де, ұмыт қалдырады. Онлайн-кеңістік адамдарды аталған жайттарды ұмытуға және өздерін адамдар физикалық реттілік болғандағыдай ұстауға мәжбүрлейді. Берілген дәрісте сонымен қатар, адамдар тәртіптерінің маңызды мәселелері, соның ішінде үлкен мәліметтер мен «ұмыт болу құқығы» да қарастырылатын болады.

«Интернет 24/7» атты келесі дәрісте біз аптаның 7 күнінде тәулігіне 24 сағаттық онлайн-өмірдің біздің өміріміздің теңдігіне қалай әсер ететіндігін айтамыз. Уақытты басқару тек мобильді құрылғылар әсерінен ғана емес, сондай-ақ, сіздің қолжетімді болып, бастығыңыздың, әріптесіңіздің немесе досыңыздың хабарламасына жылдам жауап беруін күтуіне де байланысты аса күрделі бола түседі.

Онлайн-ойындар мен әлеуметтік желілер сияқты кейбір интернет-орталардың сенімді болғаны сонша, кейбір адамдар өздерінің отбасылық өміріндегі, әлеуметтік қатынастары мен мансабындағы жағымсыз нәтижелеріне қарамастан, өз тәртібін қадағалай алмайды. Адамдар вотсапқа келген хабарламадан селк ете түсіп, олар жоқ болса, мазасызданады. Хабарламалардың, поштаның, лентаның, комментарийлердің күйлерін тексеру әдеттегі шаруаға айналды, ол біздің бір күндік уақытымыздың 40%-ын алады. Біз ұялы телефондар мен интернет болмаған кезде не істедік? Біз тәуелдіміз бе?

Виртуалды шынайылық жайлы дәрісте оның не екендігі және біздің өмірімізге қалай енгендігі жайлы айтылады. Виртуалды шынайылыққа толықтай кіріп, виртуалдылық пен шынайылықтың шегарасын ажыратпай, ол жерден шынайы өмірдегіден де жақсы нәрсе табатын адамның тәртібі қалай өзгереді?

Жасанды интеллект – бұл адам санасына ұқсас мүмкіндіктер. Қазіргі таңда жасанды интеллект әлі жоқ, бірақ бүкіл әлемдегі ғалымдар оны жасау үшін барлығын жасау үстінде. Жасанды интеллектімен байланысқан кезде адам құндылығы, адамдар мен машиналарға деген қатынасы өзгереді. Бұл жағдайда кімнің жылдам әрі жақсы екені түсініксіз: адам ба, әлде машина ма?

«Интернет-ұрпақ» дәрісінде біз келешекке үңілеміз. Алдымен біз қолданушылар интернет-ортаны қалай жақсы жаққа өзгерте алатындығымызды зерттейміз. Интернет – бұл жұмыс, біз осы жұмыстың көп бөлігін орындаймыз. Біздің Интернеттегі тәртібімізге әсер ететін көптеген психологиялық құбылыстар жайлы білімге негізделе отырып, біз өз тәртібіміз бен желіде байланысатын басқа адамдарға тигізетін әсерлерді қалыптастыру стратегияларын құрастыра аламыз. Біз сондай-ақ, Интернеттің қалай дамидығын және өзгерістердің жаңа психологиялық әсерлерді қалай құратындығын болжай аламыз.



Қосымша

Қашықтан білім беру дәрісінде біз қашықтағы технологиялар беретін мүмкіндіктер мен Smart технологиялардың барлық мектеп бағдарламасын қалай өзгерте алатындығын қарастырамыз. Дәстүрлі білім берудің бір сарынды екені құпия емес қой. Оқушылар мен студенттер білетін нәрселерін оқуы немесе өздеріне нақты қажеттілерді уақытылы оқымауы мүмкін немесе білімсіз күйде келесі сыныпқа немесе курсқа ауысады. Мұны кім бақылайды? Қазіргі таңда оқытушы мен мұғалім аталған жайттарды бақылай алатындай күйде емес. Бұл дәрісте дәл осы жайлы айтылады.

Онлайн-қолдау көрсету топтары Интернетте, Facebook-тегі топтарда, пікірталас форумдары мен басқа да көптеген онлайн-қызмет түрлерінде көбейіп келеді. Олар кез келген психологиялық сырқаттары, жеке мәселелері бар немесе күйзеліс жағдайындағы адамдарды қолдау үшін құрылады. Аталған қауымдастықтардың мүшелері ақпарат алмасу және психологиялық көмек көрсету үшін жиналады. Осы және басқа да көптеген жайттар **Интернет альтруизм психологиясы** дәрісінде айтылады.

Біздің аккаунттарымызды бұзуы мүмкін. Біздің мәліметтеріміз, ақпараттарымыз, жинақтарымыз ұрлануы мүмкін – олардың виртуалды болуы міндетті емес. Интернет қауіпті сайттарға, сілтемелер мен спамдарға лық толы. Заң мен әділетті ойын ережелерінің арғы жағында алдауға бағытталған жеткілікті күштер бар. Бірақ біз сырымызды ашпаймыз, себебі алдын ала хабарландырылуымыз мүмкін. Желідегі аңду нағыз өмірге жиі ауысады. Шынайы өмірдегі сияқты Интернетте де адам денсаулығына зиян нәрселер бар. **«Интернетті қауіп-қатер»** дәрісін қараңыз.

Интернет-қолданушылардың саны әлем бойынша өсуде, оның ішінде Қазақстан да бар, мұның артықшылықтары да, кемшіліктері де бар. Жаһандық желіге әртүрлі жастағы адамдар кіреді және оны әртүрлі мақсаттар үшін пайдаланады. Алайда ересектер интернет-кеңістікті зерттеу барысында көп жағдайда өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ете алса, балалар жеке ақпарат іздеуші кибер-қылмыскерлерден бастап, балаларды суицидке итермелейтін «өлім топтарына» дейінгі көптеген қатерлермен бетпе-бет келуі мүмкін. Өзіміз бен балаларымызды қалай қауіпсіздендіру жайлы **«Интернеттің балалардың дамуына төндіретін қауіп-қатері»** дәрісінде айтылады.

«Жыныстық қатынас» желідегі ең көп қолданылатын іздеу сұраныстарының бірі болып табылады және осы тақырыпқа арналған интернет-сайттар әуелден-ақ өркендеуде.

Кибержыныстық қатынас, виртуалды жыныстық қатынас, эротикалық бейнелер, порнография – бұлардың барлығы біздің өмірімізді өзгертті. Интернет сексуалдық мәдениетті қалай өзгертеді? **«Интернеттегі сексуалдық»** дәрісін қараңыз.

Интернет әйелдерге құмар әйелдер, көгілдірлер, бисексуалдар мен транссексуалдар, сонымен қатар, гетеросексуалдар еместер үшін аса құнды болуы мүмкін. Олар өздерін белгісіз жыныс немесе нақты бір жарлықпен байланыссыз түрде таныстыруы мүмкін, сондықтан да олардың сексуалдығы белсенді болып көрінеді. **«Құбылмалы»** интернет бүкіләлемдік тордың белсенді бөлігі болып табылады.

«Интернеттегі мәліметтерді қорғау» дәрісінде Сіз Интернет бойынша мәлімет жіберу кезіндегі қауіпсіздік мәселелері, шифрлау және криптография, электронды-сандық қолтаңба, интернет-алаяқтық түрлері, компьютерлік вирустар, киберәңдулар және олардан қалай құтылу керектігі жайлы білетін боласыз. Сондай-ақ мәліметтерді сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жеті қорғаныс әдістері туралы да айтылады.

Интернетте өмір сүретін адамдарға әлеуметтік көмек керек. Олар қарым-қатынаста үлкен қиындықтарға кездеседі, қанағаттанбаушылық, өзін-өзі төмен бағалау, қысылу, ұялшақтық және т.с.с. сезімдерді бастан кешіреді. Бұл мәселелердің барлығын Интернет «шешеді». Интернет оларға «Чатқа барыңыз, әйтеуір біреу болып танысыңыз, өзіңіздің кез келген тілегіңізді қанағаттандырыңыз және ештеңеден қорықпаңыз!» дейтіндей көрінеді. Адамдар оларға қауіпсіз ортаға, ешнәрсені міндеттемейтін өмірге кетуге асығады.

Осылайша, олар, біріншіден, өздерінің құтылғылары келетін сипаттарын ушықтыра түседі, сондай-ақ, олардың жаңаларын иемденеді: өзінің психикалық күйін, жынысын, жасын виртуалды түрде өзгерте отырып, шындықтан алыстайды. Интернет-тәуелділіктің тағы бір



салдары смартфон болмаған кездегі күйзеліс болып табылады. Адам өзін бөтен ортаға түскендей сезініп, қорқады. Ал Сіз смартфонсыз қанша уақыт жүруге дайынсыз? Осылардың барлығы жайлы «Интернетке тәуелділік» дәрісінде айтылады.

Қорытынды ретінде, біз қазіргі таңда өмірді қарапайым электр шамынсыз сияқты Интернетсіз елестете алмайтындығымызды айта кетейік. Дүниежүзілік тор жер шарының әртүрлі түкпірінде өмір сүретін адамдарға араласуға, қажетті ақпаратты алуға, техникалық құралдарды автоматты түрде басқаруға мүмкіндік береді. АҚШ сауда министрлігінің зерттеу нәтижелері 50 миллион тыңдарман жинау үшін радиоға 30 жыл, телевидениеге 13 жыл керек болғандығын көрсетсе, Интернет бірнеше жыл ішінде ғана 4 миллиардтық аудитория жинапты – бұл біздің ғаламшарымыздың жартысы деуге болады.

Интернет біздің өмірімізге берік түрде ене отырып, қысқа ғана уақыт ішінде оған айтарлықтай өзгеріс енгізді. Қазіргі таңда Интернет – адамдар арасындағы қатынас пен ақпарат алмасудың ең жылдам, әрі сенімді құралы. Интернет ақпаратты жөнелту мен жариялауда теңдессіз мүмкіндіктер ұсына отырып, технологиялық және әлеуметтік төңкерістің жаңа айналымын жасады.